

ТҮТІНГЕ ТҰНШЫҚҚАН ҒҰМЫР

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ӘБІШ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



«НАЗ» ТЕАТРЫНЫҢ «НҰРҒИСАСЫ»

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Біз бәсекеге қабілетті ұлт болуымыз керек. Бұл – ең алдымен, ұлтымыздың сапасы, яғни азаматтарымыз заманауи, озық ойлы, жасампаз болуы қажет деген сөз. Қазіргі аса күрделі, құбылмалы және қарама-қайшылыққа толы заманда озық ел болу оңай шаруа емес. Сол себепті біз батыл шешімдер қабылдап, нық сеніммен жарқын болашаққа қарай жүреміз. Сонда ғана осы уақыт халқымыздың сана-сезімінде ұлы бетбұрыс жасаған тарихи кезең болып қалары анық.

№130
(4874)
Сейсенбі
4 қараша
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ТҰРҒЫН ОРАМДАҒЫ ГҮЛЗАР

Жуырда Сарайшық ауданында «Bravo Family» тұрғын үй кешенінің маңында жаңа қоғамдық кеңістік ашылды. Ол №93 мектеп-лицей мен Ш.Қалдаяқов көшесіндегі 23/2 үйдің арасында орналасқан. Бұрын бұл жерде үш көпқабатты бизнес-орталық салу жоспарланған еді. Алайда тұрғындардың өтініші бойынша оның орнына жаңа сквер салынды. Жергілікті билік қоғамдық тыңдаудағы қала тұрғындарының тілегін орындады.

3

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМДІ БАҚЫЛАЙДЫ

Астанадағы тағы бір жаңа қызмет түрі сынақтан өтуде. Бұл жолы тұрғындар жедел жәрдем көлігінің қозғалысын картадан бақылайды.



«103» нөміріне қоңырау соғылған соң, емделуші YandexGo сервисі арқылы SMS немесе push-хабарлама алады. Сол хабарламада жедел жәрдем көлігі бригадасының қай жерде келе жатқаны көрініп тұрады. Денсаулық сақтау министрлігі жобаны қалалық әкімдікпен және Yandex Qazaqstan компаниясымен бірлесіп іске асырады. Құзырлы министрлік мамандарының айтуынша, мұндай жүйе емделушілердің алаңдаушылығын азайтып, диспетчерлерге түсетін жүктемені жеңілдетеді.

6-8 қараша күндері EXPO халықаралық көрме орталығы мен Astana IT University алаңдарында Projects Maturity Forum 2025 өтеді.

Бұл – жобалық менеджмент, мемлекеттік басқару және бизнес салаларындағы мамандар үшін маңызды оқиға. Форум Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі, Astana IT University және People&Projects компаниясының қолдауымен өтеді.




Кеше Астана-Белград бағытындағы тікелей әуе рейсі ашылды. Бұл оқиға екі елдің қарым-қатынасын нығайтуға үлес қосары анық.

Қазақстан мен Сербия арасында визасыз режим қолданылады. Астана-Белград-Астана рейстері аптасына екі рет (дүйсенбі және бейсенбі) заманауи Boeing 737 ұшақтарымен орындалады. Ұшу ұзақтығы – 5 сағат 40 минут. Бұл бағытта жолаушылар тарапынан сұраныс жоғары, алғашқы рейсте 92 жолаушы болды.



Қазақстандық оқушылардың роботтық техникадан ұлттық құрамасы Панама-Ситиде өткен First Global Challenge атты бүкіләлемдік олимпиадада қатарынан төртінші рет жеңіске жетті.

Бұған дейін команда Женева-2022, Сингапур-2023 және Грекия-2024 жарыстарында да үздік атанып, халықаралық STEM бағытында әлемдік көшбасшы мәртебесін иеленген. Жаңалықты Оқу-ағарту министрлігі жария етті.



Келер жылдан бастап күшіне енетін жаңа Салық кодексіне сәйкес, көлік пен мүлік салығына бірқатар жеңілдік қарастырылған.

Ең алдымен қозғалтқыш көлемі 4 литрден асатын көлік иелеріне салынатын салық мөлшері азаяды. Бұған дейін 500 мыңнан 800 мың теңгеге дейін төлеп келген жүргізушілер енді шамамен 460 мың теңге көлемінде салық төлейді. Сонымен қатар ескірген көліктерге жеңілдік қарастырылған. Жаңа Салық кодексі 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап ресми түрде қолданысқа енгізіледі.

№130 (4874) 04/11/2025 Сейсенбі



ҰҚШҰ БАС ХАТШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Бас хатшысы Иманғали Тасмағамбетовпен кездесу өткізді.

Президентке биыл қараша айының соңында Қырғыз Республикасында өтетін ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясына дайындық барысы туралы баяндалды. Сондай-ақ ұйым қызметінің негізгі бағыттары бойынша бірқатар мәселе талқыланды.

ОНКОПАТОЛОГИЯНЫ ЕМДЕЙТІН ОРТАЛЫҚ АШЫЛАДЫ

Елордада онкопатологиядан емделушілерді қабылдайтын Орталық Азиядағы жалғыз орталық ашылады. Бұл туралы Мәжіліс депутаттарының сауалына Премьер-министр Олжас Бектеновтің жауабында айтылған.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, соңғы жылдары медицина саласын, оның ішінде медициналық туризмді дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Шетелдік пациенттерді тарту үшін денсаулық сақтау ұйымдары мен сервистік қызметтердің әлеуетін арттыруға, санаторий-курорт ұйымдарының базасында сапалы инновациялық медициналық және сауықтыру қызметтерін қалыптастыруға назар аударылып отыр. Осыны іске асыру мақсатында Үкімет Қазақстан Республикасының туристік индустриясын дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекітті» деді Олжас Бектенов.

Оның айтуынша, бүгінгі таңда еліміздің медицинасы Орталық Азияда жетекші болып, озық емдеу технологияларын енгізуде. «Alem» инновациялық құрылғысы жасалды, ол донор органдардың өміршеңдігін 24 сағаттан астам уақыт сақтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар елімізде Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық базасында онкопатологиямен ауыратындарды емдеуге бағытталған протондық терапия бөлімін ашу жоспарланып отыр. Ол Орталық Азиядағы жалғыз бейінді орталық ретінде белгіленген. Бұған қоса, медициналық технологияларды бағалау жүйесі енгізіліп, озық тиімді емдеу және диагностика әдістерін қолдану тәсілдеріне баса назар аударылуда» деді Премьер-министр.

ОЙЫН ТҮБІ – ОТ

Қазір қоғамда пранкпен парақшасындағы лүпілдің санын арттырғанмен, парасат биігінен омақаса құлағандар қаптап кетті. Адамды қорқытуды, қоғамдық орында ақымақтық жасауды қызық көріп, әзілдің шекарасынан шығып кеткендер әлеуметтік желіде әлек салуды доғармай тұр.

Астана қаласында блогер достарымен бірге лифттің ішіне «жалған мәйітті» кіргізіп, кейін жарықты өшіреді. Сол сәтте мәйіт кейпіндегі адам қозғала бастайды. Жеделсатының ішінде болғандардың жан дауысы шықты. Елорданың тағы бір тұрғыны жеделсатыға тапаншамен кіріп, оны адамдарға кезеп жүрттың зәре-құтын алды. Алматыда блогерлер аула сыпырушыларға қоқыс лақтырып, мазақ етіп бейнежазба түсіріп таратты. Мұндай мысал мың. Желіге желімдей жабысқандар «пранк» деп атайтын бұл әрекеттердің ақылға томпақ екенін аңғару қиын емес.

Ол ол ма, біздің блогерсымақтар шетелге барып абыройды айрандай төгіп жүр. Мәселен, қазақстандық блогер Аружан Айбекова Қытайда «ұрлық жасап жатқандай» ролик түсірген. Арты үлкен шу болып, ақыры әлгі қыз жергілікті полицияға шақырылды. Түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Бірақ ол түсінді ме? Өйткені дәл осы блогердің арада аз уақыт өткенде Ташкент метросында жігіттердің қолынан ұстап тиіскені туралы бейнежазба тағы тарады. «Ойыннан да омыртқа сынатынын» білмейтін мұндай блогерсымақтарды қатаң жауапқа тартатын кез келді. Себебі бұл – адамның жеке өміріне қол сұғу, қоғамдық тәртіпті бұзу.

Қазір пранк деген парықсыз әрекеттің тағы бір түрі пайда болды. Ол жасанды интеллектпен жасалады. Бірінде мемлекет басшыларының, лауазымды тұлғалардың қандай да бір дүкенге сауда жасауға келгені бейнеленген. Цифрлық технологияны білмейтін адамның санасы сан саққа жүгіреді, сеніп қалады. Маркетинг үшін деп жасанды интеллект арқылы мұндай жасандылыққа жүгінуді тоқтату керек. Тағы бір пранкте балалар ата-аналарына «танымайтын адам үйге келіп тұр, не істейміз?» деп жасанды интеллект арқылы беймәлім адамның үйге кіріп кеткен, пәтерді аралап жүрген суреттерін жібереді. Зәресі ұшқан ата-ана полицияға телефон шалады, жұмысын тастап үйіне барады. Ақырында бұл пранк деп бала-шаға бейқам отырады. Дәл сол уақытта полиция шын мұқтаж адамға көмекке баруға үлгермей қалуы мүмкін, оны интернеттің инесіне отырғандар ұқпайды. Ол ол ма, жуырда бір блогердің тірідей табытқа жатып, өзін көміп, «24 сағат табытта» атты челлендж бастағанын қоғам қатаң сынға алды. Хакім Абай: «Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, зияны тимек» деген уағында. Сондықтан өлшемге өресі жетпейтіндерді заңмен тұсайтын кез келді.

Осыған орай, мынадай ұсыныстарды қарау орынды деп санаймын: пранк барысында қоғамдық тәртіпті бұзған, жеке адамның өміріне қол сұққандарды анықтап, олардың бірыңғай тізімін жасап, жариялау қажет. Қауіпті пранк арқылы адамның ар-намысы мен абыройына қол сұққандардың әлеуметтік желідегі парақшаларын дереу бұғаттау керек. Әлеуметтік желі әкімшілерінен қауіпті пранктер мен бейнежазба жарияланған парақшаларды анықтап, уәкілетті органға жедел хабарлауды талап ету қажет.

Нартай СӘРСЕНҒАЛИЕВ,
Мәжіліс депутаты

ҚАЗАҚСТАН ИНВЕСТИЦИЯҒА КЕҢ ЖОЛ АШТЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов жаһандық инвестициялар жөніндегі VIII қазақстандық дөңгелек үстелге (KGIR-2025) қатысты. Форумға 50-ден астам елден 1 мыңнан астам қатысушы, соның ішінде өнеркәсіп, энергетика, АӨК, қаржы, фармацевтика, консалтинг және басқа да салалардағы халықаралық және отандық компаниялардың басшылығы жиналды.

Олжас Бектенов өз сөзінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында жаңа инвестициялық циклді іске қосу қажеттігін атап көрсеткенін баса айтты. Басты міндет – мемлекет тек бизнесті сүйемелдеп қана қоймай, жаңа жобаларды құруға және іске қосуға белсенді қатысатын үлгіге көшу арқылы белсенді инвестициялық саясатты жүзеге асыру.



Қазақстан Үкіметі ұлттық экономиканы трансформациялау бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде. Биылғы 9 айда еліміздегі ЖІӨ көлемі 6,3%-ға өсті. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 13,5%-ға артып, шамамен 13,8 трлн теңгеге жетті. Жалпы Қазақстанның инвестициялық деңгейін әлемнің жетекші рейтингтік агенттіктері растады. Атап айтқанда, Moody's еліміздің ұзақмерзімді рейтингін «тұрақты» деген болжаммен тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең үздік көрсеткішке дейін көтерді. Қазақстан үшін және бүкіл өңір үшін стратегиялық маңызы бар Транскаспий халықаралық көлік бағыты инвестиция үшін келешегі зор аймақ ретінде айқындалды. ТХКБ бойынша ірі инфрақұрылымдық бірқатар жоба, соның ішінде шетелдік капитал мен халықаралық қаржы институттарының қатысуымен жүзеге асырылуда.

Мемлекет басшысының ауқымды цифрландыру және жасанды интеллект технологияларын енгізу жөніндегі тапсырмасын жүзеге асыруға ерекше назар аударылды. Озық шешімдерді енгізуге және стартаптарды одан әрі жеделдетуге бағытталған Alem.ai халықаралық ЖИ орталығының ашылуы цифрлық кластерді нығайтуға ықпал етеді. Қазақстан кәсіпкерлердің мүдделерін қорғау және бизнес жүргізудің тең жағдайларын құру жобасын жүзеге асыруда. Кәсіпорын жақын арада пайдалануға беріледі. Биыл PepsiCo-мен уағдаластық Алматы облысында тұзды тіскебасарлар шығаратын зауыт салу түрінде нақты нәтижелерге әкелді. Кәсіпорын келесі жылдың басында іске қосылады. Ынтымақтастықтың жоғары динамикасының тағы бір айқын дәлелі – Dalian Hesheng Holding Group компаниясының бидайды терең қайта өңдеу зауытын салуы. Қазақстан Президентіне бір күн бұрын испандық Roca Group компаниясының заманауи сантехника өндіру жөніндегі бастамасы ұсынылды. Жаңа кәсіпорын жоғары сапалы экспортқа бағдарланған өнім шығарады. Осы жылдың басында келіссөздер жүргізілген Lihua Group компаниясы Түркістан облысында орналасқан Turan арнайы экономикалық аймағының аумағында мақта-тоқыма кластерін құру жобасын іске қосты. Небәрі 2 жылдың ішінде жүзеге асырылған ауқымды жобалардың бірі – жаңадан ашылған KIA Qazaqstan автомобиль зауыты.

«Қазақстан ұзақмерзімді инвестициялар үшін ашық және болжамды ел болып қала береді. Инвесторлармен сенімді диалог құру – біздің инвестициялық саясатымыздың ажырамас бөлігі. Баршаңызды Қазақстанда бизнесті дамыту үшін барлық мүмкіндікті пайдалануға шақырамын. Біз жобаларды жүзеге асырудың барлық кезеңінде жан-жақты қолдау көрсетуге дайынбыз» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Сондай-ақ инвесторлармен қол жеткізілген уағдаластықтар Қазақстандағы нақты жобалар мен жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға қалай тез айналатыны туралы айқын мысалдар келтірді.

KGIR-2024 алаңында қол жеткізілген келісім шеңберінде Fufeng Group компаниясы бүгінде жүгеріні терең қайта өңдеу бойынша агропарк құрамтамасыз ететін құқықтық және институционалдық негіздерін дәйекті түрде нығайтып келеді. Мәселен, $60 млн-нан астам жоба үшін 25 жыл бойы заңнамалық тұрақтылықты қамтамасыз ететін инвестициялар туралы келісім жұмыс істейді.

KGIR-2025 алаңында сомасы $7,5 млрд болатын 49 құжатқа қол қойылды, оның ішінде $3,8 млрд-тық 13 коммерциялық келісім Премьер-министр Олжас Бектеновтің қатысуымен өтті. Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша Премьер-министр үздік инвестор компаниялардың өкілдеріне марапаттар табыс етті.

АСТАНА – ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ

Бас қалада биыл үш шетелдік университеттің филиалы ашылды. Солардың бірі – Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті базасында Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының (ММХҚИ) Қазақстандағы филиалы өз қызметін бастады.

1 қараша күні алғашқы 103 студентке Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен ММХҚИ ректоры Анатолий Торкунов студенттік билеттерін салтанатты түрде тапсырды. Бұл туралы Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Бұл жерде Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының (ММХҚИ) оқытушылары және ММХҚИ әдістемесі мен стандарттары бойынша оқыған, дайындықтан өткен қазақстандық оқытушы-мамандар дәріс береді. Бұған дейін мәлім болғанындай, ММХҚИ-Астана студенттері Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті базасындағы кампуста орналасады. Кейінірек оқу бөлек ғимаратта жалғасады, оның жобалау жұмыстары бүгіннен басталғаны айтылды. Астана күн сайын білім алуға ұмтылған жастарды тартатын күшке ие болып, оларға жаңа мүмкіндіктердің жолын ашып бергені бәрімізді қуантады» деп жазды Е.Байкен.

№130 (4874) 04/11/2025 Сейсенбі

ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ ЖАҚСАРАДЫ



Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Instagram парақшасында қоғамдық көлік мәселесіне қатысты пікір білдіріп, саланың даму қарқынына тоқталды.

«Біздің басты міндеттеріміздің бірі – қоғамдық көлікті дамыту. Жыл сайын автобустар саны орта есеппен 300-350 бірлікке көбейіп, жаңа бағыттар мен автобус жолақтары (Bus Line) ашылып келеді. Мұның бәрі қоғамдық көлікті қала тұрғындары үшін ыңғайлы әрі тартымды ете түседі. Мәселен, 2024 жылы жолаушылар ағыны тәулігіне шамамен 800 мың адам болса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 1 миллион 100 мың адамға жетті.

Жолаушылар санының артуы мен қаланың қарқынды дамуына байланысты келер жылы 13 жаңа бағыт ашылады. Сол сияқты Bus Line жүйесі кезең-кезеңімен енгізіліп жатыр. Арнайы автобус жолағы қозғалыс уақытын 25-30%-ға қысқартады. Қазіргі уақытта жалпы ұзындығы 134 шақырым болатын 30 учаскеде автобус жолағы бар. Биыл Тәуелсіздік даңғылы, Амман көшесі және Қорғалжын тасжолы бойындағы үш учаскеде жаңа жолақтар енгізілді. Ал былтыр мұндай жүйе алты учаскеде ашылған болатын.

Автопарктердің жұмысымен таныстым. Бүгінде елордадағы қоғамдық көлік жүйесіне барлығы 9 автопарк қызмет көрсетеді. Олардың бірі – коммуналдық кәсіпорын. Жеке автопарктер де өз қаражатынан жаңа автобустар сатып алып жатыр. Биыл олар жалпы саны 122 автобус сатып алады, олардың бір бөлігі қалаға жеткізілді. Қалалық автопарк биыл газбен жүретін 300 автобус жеткізуді жоспарлап отыр. Оның 134-і қазірдің өзінде қалаға жеткізілді. Сондай-ақ қазіргі уақытта индустриялық аймақта автокөліктерге арналған газ толтыру компрессорлық станциясы орнатылып, пайдалануға берілді. Бұдан бөлек, инвестициялық келісім аясында және бағыттық желіні жаңғырту мақсатында «АБИ-Астана» ЖШС, «Elorda Trans» ЖШС және «Жорға МТ» ЖШС жеке автопарктері жаңа автобазалардың құрылысын жүргізіп жатыр» деп жазды Жеңіс Қасымбек.

БІЛІМ БЕРУ НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Кеше Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшелері білім беру ұйымдарын аралады. Аралау барысында олар ерекше қажеттіліктері бар балаларға жасалған жағдайлармен танысып, педагогтар мен ата-аналардың пікірін тыңдады.

Шапағат ӘБДІР

Ең әуелі олар қала әкімдігінің №89 «Қыз Жібек» балабақшасына барып, ондағы педагогтармен және білім алушы балалармен жүздесті. Балабақша меңгерушісі Жанар Істөлеуқызы мекеменің жұмысымен таныстырды.

– 2016 жылы жұмысын бастаған біздің балабақшада бүгінде 285 бала тәрбиеленіп жатыр. Мұнда 2 коррекциялық және 6 инклюзивті топ бар. Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған түзету топтарының әрқайсысында 12 баладан қабылданған. Сонымен қатар инклюзияны қолдау кабинеті жұмыс істейді, ол жерге педагог-ассистенттің сүйемелдеуімен 5 бала қатысады. 6 инклюзивті топта ерекше білім беру қажеттілігі бар 15 бала тәрбиеленуде, әр топта 2-3 баладан. Оларға дефектолог, логопед, психолог және педагог-ассистенттер қарайласады, – деді ол.

Оның айтуынша, педагог-ассистенттер балаларға күні бойы қамқорлық жасап, олардың көңіл күйін бақылап, оқу мен ортаға бейімделуіне көмектеседі. Кураторлар әдістемелік қолдау көрсетеді, ал мамандар балалардың даму бағдарламаларын бірлесіп, жеке әзірлейді. Балабақшада әр баланың ерекшелігі ескеріліп, жан-жақты дамуына және мектепке бейімделуіне барлық жағдай жасалған.

Одан кейін Қоғамдық кеңес мүшелері Астана қаласы әкімдігінің №96 мектеп-гимназиясына барды. Аталған білім ордасы 2023 оқу жылында пайдалануға берілген, қазіргі уақытта мұнда 2190 оқушы екі ауысымда білім алады, оның ішінде 77 бала – инклюзивті білім алушы. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін қолжетімді және жайлы орта жасалған. Мектепте дефектолог, логопед, психолог кабинеттері мен емдік-дене шынықтыру бөлмелері жұмыс істейді. Балалармен жеке және топтық сабақтар өтіп, бос уақытта түрлі үйірмелер мен секциялар – ансамбль, қолданбалы өнер және аспаздық үйірмелері ұйымдастырылады екен.



Аралаған соңғы нысан Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі болды. Мұнда олар оқу орнының инклюзивті бағыттағы жұмысы мен студенттердің тәжірибелік сабақтарын көріп, ерекше білім беру қажеттілігі бар жастардың кәсіби даярлығын бағамдады. Сондай-ақ аутизммен өмір сүретін балаларды оқыту тәсілдері мен олардың кейін еңбекке орналасу мәселесі де талқыланды.

Колледж қызметінің басты бағыттарының бірі – кедергісіз орта қалыптастырып, барлық студентке, соның ішінде ерекше қажеттілігі бар жастарға тең мүмкіндікпен сапалы кәсіби білім алу жағдайын жасау. Мұнда оқу бағдарламалары инклюзивті білім берудің мемлекеттік стандартына сай бейімделіп әзірленген. Аталған колледж – елімізде инклюзияны қанатқақты жоба ретінде енгізген алғашқы оқу орны. 2024-2025 оқу жылында мұнда ерекше білім алушыларға арналған екі жаңа топ ашылған. Оның бірі – «тігін өндірісі және киімді модельдеу» мамандығы, екіншісі – «нан-тоқаш, макарон және кондитерлік өнімдер өндірісі» бағыты. Бұл бастама ерекше студенттердің кәсіби білім алып, болашақта өз мамандығы бойынша еңбек етуіне жол ашпақ.

Қоғамдық кеңес мүшелері айтылған барлық ұсыныс пен ескертпені назарға алып, оларды кеңес отырысында талқылап, мәслихатқа жолдау туралы шешім қабылданатынын айтып өтті.

– Қазіргі таңда елімізде инклюзивті білім беру орталықтарының санын арттыру – уақыт талабы. Бұл тек жаңа нысандар ашу ғана емес, ең алдымен, оларды ортақ бір жүйеге, бірыңғай стандартқа келтіру маңызды. Әрине, мұндай орталықтарға спорт залдарын бөлу, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, материалдық-техникалық базаны нығайту – өз алдына бөлек мәселе. Алайда ең бастысы – заңнамалық және нормативтік талаптарды инклюзивті білім берудің ерекшеліктеріне бейімдеу қажет. Сондай-ақ педагогтардың кәсіби даярлығы мен білігіне қойылатын талаптарды күшейту де аса өзекті. Себебі инклюзивті білім беру тек инфрақұрылыммен шектелмейді, ол – мамандардың адами және кәсіби құзыреттілігіне тікелей байланысты сала. Осы бағыттағы барлық мәселені кезең-кезеңімен, жүйелі түрде шешу арқылы ғана ерекше қажеттілігі бар балалардың сапалы білім алуына және қоғам өміріне толыққанды араласуына нақты жағдай жасауға болады, – деді Президент жанындағы Ұлттық құрылтай және Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, әлеуметтік саясат мәселелерін іске асыру саласында азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру жөніндегі комиссияның төрағасы Кәрімбек Құрманәлиев.

«Халық заңгері» жалпыреспубликалық акциясы аясында астаналықтар Оқушылар сарайында адвокат, нотариус, прокурор, тергеуші, сот орындаушысы, мемлекеттік органдардың арнайы мамандарынан құқықтық кеңес алды.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ҚАНДАЙ?

Іс-шараны Бас прокуратура, Әділет министрлігі, мемлекеттік билік органдары, Республикалық адвокаттар алқасы, сондай-ақ еліміздің үздік заңгерлері мен адвокаттары ұйымдастырды. Акцияның мақсаты – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және кез келген азаматқа тегін консультация беру.

Астана қалалық прокуратурасының аппарат басшысы Жеңіс Пірімбектің айтуынша, өзекті сұрақпен келген халықтың қарасы қалың.

– «Заң және тәртіп» қағидасы аясында «Халық заңгері» деген акциямыз жүріп жатыр. 100-ге жуық мемлекеттік қызметкер халықты мазалаған сұрақтардың жауабын табуға көмектеседі. Кез келген сұрақпен құқықтық көмек алуына болады. Мысалы, бір сұрақпен әкімдіктің бірнеше басқармасына бару керек болса, осы жерден бірден сұрап, мәселесін жедел шешуге септік етеміз. Бұл акция 2016 жылдан бері жалғасып келеді. Осы уақытқа дейін 400 мыңға жуық азаматқа құқықтық көмек көрсетілді. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» принципін берік ұстанып, жиі өткізуге тырысамыз. Бас прокуратура, Әділет министрлігіне қатысты сұрақтармен көп келеді. Үлестік құрылысқа қатысты құқықтық сұрақпен келгендер де бар, – дейді Жеңіс Сабырбекұлы.



ТҰРҒЫН ОРАМДАҒЫ ГҮЛЗАР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұрын бұл жерде үш көпқабатты бизнес-орталық салу жоспарланған еді. Алайда тұрғындардың өтініші бойынша оның орнына жаңа сквер салынды. Онымен бірге автотұрақ орындары, жаңа тротуар және көшені жарықтандыру орнатылды. Бұл әсіресе балалары бар отбасылар үшін маңызды, шағын ауданның өзінде бірнеше мың оқушы мектепке барады. Мұнда шамамен 400 түп ағаш егілді, көктемде бұталар отырғызу жоспарланып отыр. Барлық жастағы адамдарға арналған демалыс аймағы да бар. Аталған округтің мәслихат депутаты Мадина Әжікенова мұндай шешімді өте орынды деп санайды.

«Бұл жерге сквер салу – дұрыс шешім. Қазір мұнда жай серуендейтін орын ғана емес, толыққанды қоғамдық кеңістік бар: балалар баскетбол мен футбол ойнай алады, жанында мектеп орналасқан, тұрғындар риза. Бұл – болашақ ұрпақ үшін дұрыс қадам. Денсаулықты нығайтатын, белсенді өмір салтын дамытатын осындай кеңістіктер көп болғаны дұрыс. Мұнда 400-ден астам ағаш отырғызылды, аумақ көркейді, ең бастысы, бұл жер енді жандана түсті. Меніңше, қоғамның пікірі әрқашан ескерілуі тиіс. Адамдар өз ауданының тағдырына атсалысқанда, нәтиже оң болады» деді депутат.

Тұрғындардың пікірінше, қалаға жаңа жасыл аймақтар мен қоғамдық кеңістіктер ауадай қажет, олар жайлылық пен сапалы өмір сүру үшін маңызды.

Айта кетейік, биыл елордада 170 аула мен қоғамдық кеңістік (саябақтар, гүлзарлар, желекжолдар) абаттандырылды. Бұл жұмыс қаланың барлық ауданын, оның ішінде тұрғын алаптарды да қамтыды.



№130 (4874) 04/11/2025 Сейсенбі

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КЕҢЕЮДЕ

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Елордада шағын және орта бизнестің әлеуеті артып келеді. Бүгінде олардың саны 8,5%-ға өсіп, 250 мыңнан асқан. Өткен аптада бас шаһарда кәсібін дөңгелетіп отырған осындай бірнеше кәсіпорынға барып, олардың тыныс-тіршілігімен танысып қайттық.













НАН БОЛСА, ӘН БОЛАДЫ

Астанада шағын және орта бизнеске арналған 600-ден астам жобаға «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры қолдау көрсеткен. Бұл – жай ғана инвестиция емес, өндірісті кеңейтуге, жаңа жұмыс орындарын ашуға үлкен көмек.

Ең алдымен С.Сейфуллин көшесінде орналасқан «Татым» заманауи технологияларды пайдалана отырып, бірегей рецептер бойынша эксклюзивті нан өнімдерін пісіретін кәсіпорынға табан тіредік. Ауласына кіргеннен ыстық нанның иісі аңқып тұр. Жұмысшылар шағын жүк көліктеріне дайын өнімдерді тиеп жатыр. Сірә, түске дейін қала дүкендерін ыстық нанмен қамтамасыз етуге асық. Бізді күтіп алған өндіріс меңгерушісі Александра Шаймұхаметова «Вкус хлеба» брендімен шығатын бұл өнімдер сапасы арқылы тұтынушылардың сеніміне ие екенін мақтанышпен айтты. Компания дәстүрлі отбасы наубайшылық тәжірибені заманауи технологиялармен ұштастырып, айына шамамен 185 тонна өнім шығарады екен. Мұнда 80 адам еңбек етеді, 120-дан астам нан және ұн өнімдері бар.

«Қордың қолдауымен жаңа жабдық алып, еңбек өнімділігін арттырдық. Енді өнімдеріміз қала дүкендері мен HoReCa (кафе, мейрамхана, қонақ үй) сегментіне тарайды» дейді ол.

Көп тұрмай іштегі ахуалды өз көзімізбен көрдік.

«Біздің нан тек ұн, су, тұз және табиғи ашытқыдан жасалады. Ашытқы 12-48 сағат бойы табиғи түрде ашиды, сондықтан нан жеңіл, хош иісті және пайдалы болады. Біз суық ашыту әдісін қолданамыз, бұл дәм мен иісті жақсартады. Кейбір өнімдерді -35°C температурада тоңазытып, 6 айға дейін сақтай аламыз» дейді өндірістің технологы Оксана Спротова.

Айта кеткен жөн, 2024 жылы кәсіпорын Alatau City Bank арқылы ұлттық жоба шеңберінде пайыздық мөлшерлемені субсидиялау түрінде қолдау алды. Бұл өндірісті заманауи деңгейде одан әрі дамытуға мүмкіндік бермек.

БЛОКТАР, СОРҒЫЛАР ЖӘНЕ БИОТАЗАРТУ

Елордада өнеркәсіпке инновациялық шешімдер енгізіп жатқан кәсіпорындардың көбейгені қуантады. Соның бірі – «Tazau» тазарту құрылыстары зауыты. Компания тұрмыстық және өндірістік ағын суларды тазартуға арналған блок-модульдік жүйелер шығарады. 10 жылдан бері ТМД елдерінде жобаларын жүзеге асырып, экологиялық технологиялар нарығында сенімді серіктес атанып үлгерген.

«Біз полимерден жасалған жабдықтар шығарамыз, атап айтқанда, сорғы станциялары, майұстағыштар, су жинағыш резервуарлар және биологиялық тазарту станциялары. Мұндай жүйелер орталықтандырылған кәрізі жоқ ауылдарға орнатылады. Тазартылған суды көгал суаруға немесе табиғатқа зиян келтірмей төгуге болады» дейді компания директоры Айнұр Қасымқанова.

Оның айтуынша, 2025 жылдың басында «Tazau» «1-кепілдік қор» бағдарламасы аясында 200 млн теңге көлемінде қаржыландыру алып, өндірісін кеңейтуге бағыттаған. Осылайша, аталмыш қолдау жаңа экологиялық стандарттарға сай технологияларды енгізуге мүмкіндік беретін болды. Қаншама адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отырған кәсіпорын өнімдеріне сұраныс көрші елдерден де көп түседі екен.

ШАҒЫН КӘСІПТЕН – КӨШБАСШЫҒА ДЕЙІН

Біз барған келесі кәсіпорын – «Yans» ЖШС. Күнделікті ішіп жүрген шай-кофеміздің бір реттік ыдыстары, кафе-мейрамханалардан тапсырыспен алдыратын тағамдардың қаптамалары дәл осы жерден шығады екен. Яғни 3000-нан астам өнімнің түрі бар. Шынымды айтсам, мұндай майда-шүйде заттардың барлығы Қытайдан келеді деп ойлаппын. 2009 жылы құрылған кәсіпорын 15 жылдан астам уақыттан бері HoReCa секторы мен өндірістік ұйымдарды осындай сапалы өніммен қамтамасыз етіп келеді екен. Алғашында 5 адаммен басталған мекеме бүгінде 200 адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Аймақта ғана емес, Алматы, Шымкент, Қарағанды қалаларынан филиалын ашқан. Қағаз майлықтан бастап лентаға дейін, ПЭТ бөтелкенің түрлері, сушиге қажет заттар, үй тазалауға арналған құрал-жабдықтардың барлығы осы жерден шығады.

«2025 жылы «Yans» «Даму» қоры «1-кепілдік қор» бағдарламасы арқылы 320 млн теңге, ал «Өрлеу» бағдарламасы бойынша 1,8 млрд теңге жеңілдетілген несие алды. Бұл компанияға өндірісті тұрақты жүргізуге және кеңейтуге мүмкіндік берді» дейді кәсіпорын өкілі Гүлмира Жұмабаева.

109 ЖОБА ҚОЛДАУ ТАПТЫ

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымы – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры кәсіпкерлерге үш негізгі құрал арқылы мемлекеттік қолдау көрсетіп келеді. Атап айтқанда, жеңілдетілген қаржыландыру, кепіл мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда несиелерге кепілдік беру және пайыздық мөлшерлеменің бір бөлігін субсидиялау.

Биыл маусым айында «Өрлеу» жеңілдетілген несиелеу бағдарламасы іске қосылды. Бұл бағдарлама – пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға балама тиімді құрал, яғни кәсіпкерлерге кідіріссіз қаржы алуға мүмкіндік беріп отыр. Несие мерзімі – 10 жылға дейін, мөлшерлемесі – 12,6%. Астанада осы бағдарлама арқылы жыл басынан бері жалпы сомасы 63,6 млрд теңге болатын 109 жоба қолдау тапты.

Алмақтың да салмағы бар. 2025 жылдың 9 айында Астанада кепілдік беру бағыты бойынша 60,7 млрд теңге сомасына 290 жоба қолдау алған. Көбіне өңдеу өнеркәсібі, білім беру және көлік-логистика салаларына басымдық берілген. 2024 жылы қолдау алған сол кәсіпорындардан түскен салық түсімдері 156,5 млрд теңге болған. Әрине, бұл – ел экономикасының дамуына зор үлес.

«Біз кәсіпкерлерге жай ғана қаржылай көмек көрсетпейміз, тұрақты кәсіпкерлік экожүйесін құрамыз. Әрбір табысты жоба – елдің өркендеуіне қосылған үлес. Біз бағдарламаларды іске асыруда бақылау мен бағалауға ерекше көңіл бөлеміз, себебі дәл жүйелі мониторинг пен талдау қолдау тетіктерін уақытылы жетілдіруге және нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бағдарламаларды мониторингтеу нәтижесінде мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі артып келе жатқаны анықталды. Бұл әкімшілендіру үдерісінің жетілдірілуімен, цифрлық құралдардың енгізілуімен және бизнес-қоғамдастықпен тығыз өзара іс-қимылдың орнауымен байланысты. Мұндай тәсіл кәсіпкерлердің қажеттіліктерін жедел анықтап, нақты экономикалық нәтиже беретін шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Біз қолдау тапқан жобалардың салық түсімдерінің өсуіне, өндірістің дамуына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және өңірлік экономикалардың нығаюына ықпал етіп отырғанын көріп отырмыз. 2024 жылы қолдау алған кәсіпорындардан түскен салық түсімдері 156,5 млрд теңгені құрап, елдің дамуына елеулі үлес қосты. Біздің мақсатымыз – тек бизнесті қолдау ғана емес, сонымен қатар әрбір табысты жоба елдің экономикалық өркендеуіне және халықтың өмір сүру сапасының артуына үлес қосатын берік кәсіпкерлік экожүйесін қалыптастыру» дейді «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ бағдарламаларды басқару және мониторинг жөніндегі басқарушы директоры Нұрбол Жанабеков.

Расында, «Даму» қорының қолдауы бұл кәсіпкерлікті дамытудың сенімді тетігі ғана емес, бизнеске жаңару мен бәсекеге қабілеттілікті арттыруға жол ашатын нақты мүмкіндік екенін көзбен көріп қайттық.



АУА НЕДЕН ЛАСТАНАДЫ?

Жылдан жылға көлік саны мен тұрғындарының артуы Астананың ауа райына кері әсерін тигізуде. Мәселен, соңғы 7 жыл бойына бас қала атмосфераның ластануы жөнінен жоғары деңгей сақталған шаһарлар тізімінен түспей келеді екен. Орталық Азия климаттық қорының деректеріне сәйкес былтырдың өзінде елордада зиянды заттардың таралу деңгейінің шегінен асуы бойынша 61 мыңнан астам жағдай тіркеліпті.

Райхан РАХМЕТОВА

Ғаламтордағы мәліметтерге сүйенсек, ауаның негізгі ластаушы көзі – ЖЭО қалдықтары, жеке секторда қатты отынның қолданылуы, автокөліктерден шығатын зиянды газ қалдықтары. «Қазгидромет» мекемесінің ақпаратына сәйкес қала ауасының ластану деңгейі 2015 жылы «төмен» деп бағаланса, 2017 жылы «шектен асқан» делінген, ал 2018-2024 жылдар аралығында «жоғары» деп қана бағаланып келеді. Салыстырар болсақ, 2023 жылы елордада нормадан асу бойынша 72 мың жағдай тіркелсе, Алматыда сол аралықта 32 мың жағдай болған. Мамандар елорда ауасын басты ластаушы ретінде PM2,5 және PM10 бөлшектерін, көміртек және азот оксиді, күкірт және азот диоксиді, аммиак, күкіртсутек және озонның шамадан тыс жоғары көрсеткішін бөліп қарастырады.

«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Ең үздік қолжетімді техникалар бюросының Сараптамалық бағалау басқармасының басшысы Салтанат Әлмырзаева қазіргі уақытта Астана бірқатар экологиялық сын-қатерге ұшырап отырғанын атап өтті.

– Жоғарыда аталған себептерге қоса ауаның ластану деңгейінің жоғарылауына қалада жасыл екпелердің де жетіспеуі себеп. «Жасыл белдеу» аймағы құрылғанына қарамастан, қала ішіндегі көгалдандыру жұмыстары мардымсыз, бұл ауа сапасы мен микроклиматқа әсер етеді. Тұрмыстық және құрылыс қалдықтарын қайта өңдеу және кәдеге жарату дұрыс жолға қойылмаған, сондай-ақ халықтың экологиялық мәдениеті де төмен. Осының бәрі қосыла келе, әсіресе жылыту маусымында күрделі экологиялық жағдайды қалыптастырады, – дейді спикер.

Қазақстанның электр энергиясы мен жылуының шамамен 80%-ы көмірден өндірілетінін, көмір – елдің энергетикалық балансының ажырамас бөлігі екенін ескере келе ол, ең алдымен ең үздік қолжетімді техникаларды енгізу қажеттігін алға тартты.

– Мұндай техникаларға қаланың қазандық жылу электр стансаларын көмірден газға көшіруге қоса, жағу процесін оңтайландыру, заманауи тазарту жүйелерін пайдалану жатады. Экология кодексінде көзделген ең үздік қолжетімді техникаларды енгізу өндірісті түбегейлі жаңғыртады, бұл өз кезегінде атмосфераға шығарындыларды едәуір азайтады. Ауа сапасын тұрақты жақсартуға қол жеткізетін тағы бір қажетті шарт – жекеменшік секторды көмірден газға көшіре отырып шығарындыларды азайту. Келесі маңызды қадам – қоғамдық көлікті дамыту. Экологиялық көлікке көшу үшін энергетикалық жүйенің мүмкіндіктерін ескерген жөн. Сондықтан электр көлігін дамытумен қатар гибридті шешімдерді қолдану және отын сапасын арттыру – өзекті мәселе. Маршруттарды жақсарту және велосипед жолдарын салу, қалалық ортаның сапасын едәуір жақсартуға мүмкіндік береді. Халық тығыз орналасқан аудандарда жасыл аймақтардың аумағын арттырып, мониторинг жүйесін де дамыту керек. Ауа сапасын тұрақты жақсарту үшін осы тәсілдердің бәрін кешенді түрде іске асыру қажет, – дейді маман.

«KazAsiaGroup» ЖШС жоба жетекшісі Серік Бекембаев қаланың ластануындағы өзекті мәселе ретінде қалдықтар полигонын атады.

– Қатты тұрмыстық қалдықтар тасталатын полигондар бар, олардың орташа тереңдігі – 3-5 метр аралығы. Бұл қалдықтардың бойындағы зиянды заттар топыраққа сіңіп, таралып, жер асты суларына түсіп, оның сапасын бүлдіреді. Мұндай процестің өзі ақырындап жүргенімен кейін кері әсері орасан зор болатын экологиялық «бомба» саналады. Қалдықтарды арзан және экологиялық таза күйде жағатын технология бар, ол жылу және электр энергиясын «жасыл» энергияға айналдырады, сондай технологияларды қолдану керек, – дейді ол.

БҰҰ даму бағдарламасының Қазақстан бойынша климаттық сұрақтар жөніндегі сарапшысы Сәулет Сәкенов Астана экологиясына қатысты 3 мәселені бөліп қарастырады.

– Бірінші, түтіннен ауаның ластануы. Түтін екі көзден таралады, алғашқы стационарлық көзіне жеке тұрғын секторының көмір, мазут, қоқыс, резеңке өртеуінен болатын түтін жатады. Оның үстіне от жағу қарқыны барлық жерде бірдей көлемде болады, таңертең және кешке қатты жағады да сол уақытта қала экологиясы нашарлай түседі. Газдандыру жұмыстары осы мақсатта қарқынды жүргізілуде. Түтіннің екінші көзі – автокөліктерден бөлінетін қалдықтар. Көліктердің санының артуы жағдайды күрделендіре түсіп отыр. Бұл ретте қоғамдық көліктер қызметін барынша қатты дамыту керек. Себебі жеке көлік пен автобустар бірдей қалдықтар шығара отырып, бір мезетте біреуі 3-4 адамды ғана, екіншісі 30-40 адамды тасымалдайды. Екінші, тұрмыстық қалдықтар және оны әрі қарай жарату жайы. Астанада күн сайын 800-1200 тоннаға жуық қатты тұрмыстық қалдықтар шығарылады. Бұл жылына шамамен 450 мың тонна қалдық. Бір күнде әр тұрғынға 1 кг қоқыстан келеді. Қалдықтарды сақтау және қайта өңдеу жүйелерін енгізу қажет. Үшінші, су ресурстарын дұрыс пайдаланбау. Біз суды үнемдеп пайдалануды білмейміз, оны сақтау керек, қымбат ресурс екенін түсіне алмай жүрміз, болашақта оның бағасы алтыннан құнды болады, – дейді спикер.

Қала ауасының ластануына байланысты жоғарыдағы мәселелердің бәріне әр адамның экологиялық мәдениеті деңгейінің де қатысы бар. Суды үнемді пайдаланып, қоқысты дұрыс сұрыптап, жәшіктерге тастау, мүмкіндігінше қоғамдық көлікке жиі мініп, айналамызды таза ұстау өзіміз үшін пайдалы, әрі болашақ ұрпаққа қаламыздың таза қалпында жетуіне сеп. Сондай-ақ мамандар пікірінше, қалада жүзеге асырылатын кез келген жобалар табиғи және климаттық ерекшеліктерді, ондағы өзгерістерді ескере отырып экологиялық сараптамадан өтуі қажет.

ТҮТІНГЕ ТҰНШЫҚҚАН ҒҰМЫР

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағалауы бойынша қазіргі уақытта әлемде шамамен 100 миллион адам, оның ішінде 15 миллион жасөспірім электронды темекі шегеді. Яғни әлемде шылым шегушілер азайды дегенімізбен, керісінше жасөспірімдер арасында электронды темекіге құмарлық артқан. Қазір дүние жүзінде 13 пен 15 жас аралығындағы 15 миллионнан астам бала электронды темекіге әуес. Бұл – ересектермен салыстырғанда тоғыз есе жоғары көрсеткіш. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мұны жастардың денсаулығына төнген жаһандық қауіп деп бағалады. Себебі бүгінгі қызығушылық тәуелділікке, ал ерте басталған әдет өмір бойғы дертке ұласуы мүмкін.

Қалиақбар ҮСЕМХАНҰЛЫ



БҮГІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ 17,5%-Ы ТЕМЕКІ ШЕГЕДІ. 2024 ЖЫЛЫ БҰЛ КӨРСЕТКІШ 20,7% ДЕҢГЕЙІНДЕ БОЛҒАН. ТЕМЕКІ ТҰТЫНАТЫНДАР АРАСЫНДА ЕРЛЕР 34%, ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДА 5% ҚҰРАЙДЫ

Сондай-ақ 15 және одан жоғары жастағы 86 миллион адам электронды темекі шегеді. Бұл – дүние жүзіндегі ересек халықтың 1,9%-ы немесе ерлердің 2,3%-ы және әйелдердің 1,5%-ы. Ұйым соңғы жылдары көптеген ел балалар арасында темекі шегуге қарсы күресті бастағанын, бірақ 62 мемлекет әлі ешқандай шара қолданбағанын және 74 елде вейп сатып алудың ең төменгі жасы жоқ екенін атап өтті.

ДДҰ-ның бағалауы бойынша әлемде темекіні пайдалану 2000 жылғы 1,38 миллиард адамнан 2024 жылы 1,2 миллиардқа дейін азайған. Әйелдер арасында темекі шегу деңгейі 2010 жылғы 11%-дан 2024 жылы 6,6%-ға дейін төмендеді. Ерлер арасында 2010 жылғы 41,4%-дан 2024 жылы 32,5%-ға дейін азайды. Соған қарамастан, әлемде әрбір бесінші ересек адам әлі де темекі шегеді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегі бойынша, жасөспірімдердің 80 пайызы вейпті алғаш рет 15 жасқа дейін байқап көреді. Олардың көбі бұл құрылғылардың құрамында никотин барын да білмейді. Мамандардың айтуынша, бір ғана электронды шылымның құрамындағы сұйықтықта 30-60 грамға дейін никотин болуы мүмкін. Бұл – кәдімгі темекінің бір қорабына тең мөлшер. Яғни жасөспірімдер мұны өздері аңғармай-ақ, кәдімгі шылымқорлармен бірдей тәуелділікке ұрынады. Сарапшылар вейптердің осылай кең таралуын олардың сыртқы көрінісімен және дәмімен байланыстырады. Түрлі-түсті қаптама, тәтті иістер мен жеміс дәмдері бәрі де жастардың қызығушылығын арттыру үшін ойластырылған. Дәрігерлердің айтуынша, электронды темекінің салдары өкпе мен жүрек сынды басқа да ағзалардың қызметіне ауыр зардаптар әкеледі.

2030 жылға қарай вейп қолданатын жасөспірімдердің саны 25 миллионнан асуы мүмкін. Осыған орай, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жасөспірімдердің электронды темекіге әуестігін болдырмау мақсатында қатаң реттеу шараларын қолға алуға үндеді. Ұйым өз ұсынысында вейп өнімдерін жасөспірімдерге сатуға толық тыйым салуды және жарнамасын шектеуді талап етеді. Ұйым 2030 жылға қарай шылым шегетін адам санын 150 млнға азайтуды көздеп отыр. Бұл мақсат орындала ма, жоқ па, уақыт көрсетер. Дегенмен, темекі өндірушілер де қарап отырған жоқ. Күннен күнге қарапайым шылымнан бөлек құрығына оп-оңай түсіретін никотинді өнімдердің небір түрлері пайда болып жатыр.

Темекі шегу көптеген аурулардың, соның ішінде онкологиялық аурулардың қаупін арттырады. Сарапшылардың пікірінше, электронды темекіні пайдалану кезінде адам зиянды өнімдерді жұтпайды. Электрондық темекі көптеген адамдарға темекіні тастауға көмектеседі. Дегенмен, вейп сұйықтықтарында никотин бар, ол да зиянды және тәуелділікке әкеледі. Ғалымдар темекі шегу 16 түрлі қатерлі ісікті тудыруы мүмкін деп дабыл қақса да, көптеген адамдар әлі де бұл әдеттен бас тартпай келеді.

Ал Қазақстанда темекі өнімдерінің бағасы өскелі, оны шегетіндердің саны азайып келеді. Ұлттық статистика бюросының соңғы ұсынған мәліметіне сенсек, бүгінде қазақстандықтардың 17,5%-ы темекі шегеді. 2024 жылы бұл көрсеткіш 20,7% деңгейінде болған. Темекі тартушылардың үлесі ауылдық жерлерде – 19,1%, қалалық жерлерде – 16,7%. Жалпы темекі шегетін халықтың 93,8% өнеркәсіпте шығарылған темекі түрін шегеді. Темекі тұтынатындар арасында ерлер 34%, әйелдер арасында 5% құрайды.

Қазір Қазақстанда ең арзан темекі бағасы 12,1%-ға көтеріліп, 920 теңге болды. 2025 жылғы 1 шілдеден бастап жыл аяғына дейін осындай баға белгіленді. Бұған дейін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы темекі өнімдерінің бағасын 2035 жылға дейін 50%-ға көтеруге шақырған. Ұйым сол арқылы қант диабеті, жүрек аурулары мен қатерлі ісіктен болатын өлім-жітімді азайтуға болады деп санайды.

2024 жылдың 20 маусымынан бері Қазақстанда вейпке тыйым салынған. Заңға сәйкес вейп сатқандар 50 тәулікке дейін қамауға алынады. Ал электронды темекі құрылғыларын әкеліп, таратқан адам 2 жылға бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Қылмыстық топпен аса әрі көлемде заңсыз вейп таратумен айналысқандар 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Осы шектеулерге сәйкес, жыл басынан бері Қазақстанда 1,8 млрд теңгенің вейпі тәркіленген. Бірақ соған қарамастан вейп саудасы тоқтар емес, тіпті әлеуметтік желіде ашық сатып жатқандар да бар.

Қазір елімізде оқушы, студент қыздардың электронды темекі шегуі қалыпты құбылысқа айналып барады. Жоғары оқу орындарының маңында қыздардың бұрқыратып темекі шегіп тұруы сырт көзге сәнге айналып бара жатқандай әсер береді. Психологтардың пікірінше, жастардың электронды темекіге әуестенуі – өзін көрсетуге ұмтылудан, ортаға еліктеуден және ішкі сенімсіздіктен туындайды. Вейпті сәнді аксессуарға айналдырған әлеуметтік желілер де бұл үрдісті күшейтіп отыр. Егер тұтас қоғам болып тосқауыл қоймасақ, бүгінгі «жаман әдет» ертеңгі үлкен дертке айналуы мүмкін.

Қыздардың (және жалпы әйелдердің) темекі шегуі денсаулығына ер адамдарға қарағанда да көбірек зиян тигізеді. Себебі әйел ағзасы нәзік, гормондық жүйесі сезімтал, ал репродуктивті (жыныстық) жүйе никотин мен улы газдарға ерекше әсерленгіш. Әйелдерде инсульт, инфаркт, қан қысымының көтерілуі ерлерге қарағанда ертерек басталатынының бір себебі осы. Одан да маңыздысы никотин аналық без қызметін бұзып, бедеулікке әкелуі мүмкін. Темекі шегетін аналардың түсік тастау қаупі 2 есе жоғары. Шылымқор аналардан туған балалардың салмағы төмен, жүйкесі әлсіз, ауруға бейім болатыны тағы бар. Бір ауыз сөзбен айтқанда, темекі шегу – қыз баланың сұлулығына да, саулығына да, аналық болашағына да тікелей қауіп төндіреді. Бүгінгі қыз – ертеңгі ана. Оның дені сау, жүзі жарқын, сөзі мәнді болуы – қоғамның келешегін айқындайтын фактор.

№130 (4874) 04/11/2025 Сейсенбі

АЙБОЗЫМ, АЙХАЙ БОЗЫМ

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Еңбек Ері Қайрат Байбосыновтың 75 жас мерейтойына арналған «Айбозым, айхай бозым» кеші өтті.



Әйгілі әнші, ұстазды Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің атынан қала әкімінің орынбасары Есет Байкен құттықтап, қала басшысының ыстық ықыласы мен жүрекжарды лебізін жеткізді. Қазақы дәстүрмен иығына шапан жапты.

«Құрметті Қайрат Әукенұлы! Сізді 75 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Өнер мен мәдениет саласында ұзақ жылдар бойы абыройлы еңбек етіп, мәдениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосып келесіз. Шығармашылық жолыңыздағы табандылық пен кәсіби шеберлігіңіз өскелең ұрпаққа үлгі. Өнерге деген адалдығыңыз бен азаматтық ұстанымыңыз сізді көптің құрметіне бөлеп, мәдени өмірдің өркендеуінде айрықша із қалдырды. Сізге зор денсаулық, шығармашылық шабыт, қажымас қайрат, отбасыңызға амандық, бақ пен береке тілеймін! Әрдайым еңбегіңіз еленіп, абыройыңыз арта берсін!» делінген Астана әкімінің құттықтауында.

Қайрат Байбосынов бала жасынан өнерімен ел мен белгілі тұлғалардың көзіне түсті. 15 жасында атақты Нұрғиса Тілендиев салған әнін тыңдап, батасын берді. Мәдениет пен өнер қайраткері Жексенбек Еркінбековтің шақыруымен Алматыға оқуға аттанып, ән алыбы Жүсіпбек Елебековтен дәріс алды. Нұрғисаның ықпалымен бар болғаны 19 жасында қазақ киносының классикасына айналған «Қыз Жібек» фильмінде ән салды.

Қызметін «Гүлдер» ансамблінен бастады. Одан кейін ұстаздыққа бет бұрып, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында профессор, кафедра меңгерушісі, Ж.Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжінің директоры болды. 2009 жылы Астанаға көшіп келіп, К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде «Халық әні» кафедрасының негізін қалап, басқарды. Қазір де осы оқу орнында сабақ береді. Қырық жылға жуық ұстаздық еңбегінде талай шәкірт тәрбиеледі. Солардың арасында Рамазан Стамғазиев, Айгүл Қосанова сынды шәкірттері халық әртісі атанды. «Айбозым, айхай бозым» кешінде осы және басқа да шәкірттері, немере шәкірттері ән әуелетіп, қазақ өнерінің мәртебесін, ұстаз мерейін асырды.

Атамұра өнерді өзгеше өрнегімен, бедерлі бояуымен байытқан Қайрат Байбосыновтың репертуарында халық әндері, халық композиторларының туындылары, XX ғасырдағы танымал композиторлардың әндері, жалпы 500-ден астам шығарма бар. Міне, сол шығармалардың біразы кеште әуеледі. Атап айтқанда, «Балқурай», «Қарагөз», «Аққұм» секілді халық әндері, Балуан Шолақтың «Ғалиясы», Ақан серінің «Мақпалы», ұлы Абайдың «Сегіз аяғы», Қанапияның «Қанапиясы», Үкілі Ыбырайдың «Гәккуі», Шаманың «Шамасы», Сәкеннің «Тау ішіндесі», Иса Байзақовтың «Желдірмесі» шарықтады. Нұртуған мен Сүгірдің термелеріне, Мырзатай Жолдасбековтің «Қосбасар» күйіне де орын табылды.

Қайрат Байбосыновтың репертуарында осы кешке атау берген «Айбозым» әні ерекше орын алған. Осы туындыны белгілі әнші Жақсыкелді Кемалов әуелетті. Бұған қоса, жоғарыда аттары аталған Рамазан Стамғазиев, Айгүл Қосанова, Нұрай Танабаев, Ырысты Сүлейменова, Сержан Мұсайын, Ерлан Рысқали, Медет Салықов пен Клара Төленбаева, Ершат Қайырхан, Елмұра Жаңаберген, Нұржан Жанпейісов, Еркін Шүкіман, Ардақ Исатаева, Айтбек Нығызбаев, Өзгеріс Шерікбай, Жақсыгелді Маясаров, Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының камералық хоры мен «Қорқыт» этно-фольклорлық ансамблі өнер көрсетті.

Кеш Қайрат Байбосыновпен сыр-сұхбат ретінде өрбіді. Оны жүргізген Айтуған Рысалды әйгілі әншіге әуелеті, өнердегі ұстаздары, достары туралы, т.б. сұрақтарды қойды. Қайрат Әукенұлы Дәнеш Рақышев пен өзімен бірге оқыған Жәнібеков Кәрменов жайында естеліктерді айтты. Экран арқылы белгілі мемлекет қайраткері Дүйсен Қасейінов құттықтауын жеткізді. Жалпы бұл кеш Қайрат Байбосыновтың ғана емес, қазақ өнерінің салтанатына айналды. Жүсіпбек Елебековтен басталған, Қайрат Әукенұлы және оның шәкірттерімен жалғасқан өнер мектебінің ғұмыры мәңгілік екеніне көз жеткізді.

ӘБІШ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен жүзеге асып келе жатқан Қазақстан Жазушылар одағы Астана филиалының «Қаламгер ұстаханасы» жобасы бұл жолы Орталық қалалық кітапханада жалғасын тапты. Кезекті лекцияны Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкеннің өзі келіп тапжылмай отырып тыңдады. Сондай-ақ Парламент Мәжілісінің депутаттары, ақын-жазушылар және зиялы қауым өкілдері, студенттер қатысты.





Шапағат ӘБДІР

Ал көрнекті әдебиеттанушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Сауытбек Абдрахманов «Әбіш әлемі» атты мазмұнды дәріс оқып, ұлт руханиятының биік тұлғасы Әбіш Кекілбаевтың шығармашылық және мәдениеттанушылық қырларына тоқталды.

МӘДЕНИЕТТАНУШЫЛЫҚ ҚЫРЫ КӨП АЙТЫЛМАЙДЫ

Сөзін алғашқы таныстықтан бастаған Сауытбек Абдрахманов Әбіш әлемін бір сағатқа сыйғызып айту және осы тақырыпта лекция оқу қиын екенін айтып, ұлы жазушының мәдениеттанушылығы турасында әңгімеге әкеп тіреді.

– Мен өзім ана жылы осы кітапқа кірісерде Алматыда ұлттық кітапханадан биобиблиография сұратып алдырдым. Соның бәрін сүзіп қарап шықтым. Сонда Әбіш культурологиясы деген тақырыпқа арналған арнаулы зерттеу еңбектері жоқ. Басын ашып айтайын. Соның ішінде әдейі жазылған мақалалар да некен-саяқ. Сол культурологиялық тұрғыда Жанғара Дәдебаевтың бір жақсы кітабы бар. «Абайдың антропологизмі» деген, арғы түбінен қазып зерттесе, «Кекілбаевтың антропологизмі» деген тақырып та бір ұлан-байтақ дүние. Сондықтан біз кітаптың екінші тарауын «Мәдениет мәйегі» деп атап, Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы антропологизм туралы айттық. Онда Әбіштің еңбектерінде мәдениет ұғымы қандай кең аяда көрсетілетіні жазылады. Кекілбаевтың айтуында, өте қарапайым айтатын болсақ, Құдай жаратқанның бәрі – табиғат. Адам жаратқанның бәрі – мәдениет. Адам қолымен жасалған дүниенің барлығы, ол құрылыс бола ма, теміржол, рельс бола ма, лаборатория барлығы да мәдениетке жатады, – деп тоқталды лекция иесі.

ТОЛСТОЙМЕН РУХАНИ ҮНДЕСТІГІ

Лекция барысында Сауытбек Абдрахманов Әбіш Кекілбаевтың орыс әдебиетінің ұлы тұлғасы Лев Толстоймен рухани үндестігі жайында әңгімеледі.

«Олжас Сүлейменов орыс әдебиетінде көптеген ұлы жазушы болғанымен, Толстойға жететін ешкім жоқ деген еді. Ал қазақ әдебиетінде Толстойға ең жақын қаламгер – Әбіш Кекілбаев.

Шынында да, олардың арасында рухани байланыс бар» деп әңгімесін жалғаған спикер Әбіштің әдебиетке деген энциклопедиялық көзқарасын нақты мысалмен көрсетті.

«Біз ақпарат министрлігінде жүргенде 100 томдық әлем әдебиеті сериясын шығару ісін бастадық. Сол кезде Әбіш ағамызбен ақылдастық. Ол бізге қай жазушының аудармасы сапалы, қайсысын қайта қарау керек екенін түгел айтып берді. Сондай-ақ кімнің шығармасын кім аударса лайық болатынын да қолмен қойғандай біліп отырды. Тағы бір есте қаларлық оқиға – Толстойдың 150 жылдығына арналған материал туралы естелік. Кеңшілік Мырзабеков екеуміз Ақселеу Сейдімбек ағамыздың қарамағында жүрген кезіміз еді. Толстойдың 150 жылдығы келіп қалды. «Кімге тапсырамыз?» дегенде, біз Әбішті ұсындық. Тапсырма түстен кейін берілген. Ал ертесінде түскі төрт шамасында Әбіш аға телефон соғып: «Сауытбек, маған Ақселеу аға тапсырған еді, Толстой туралы жазып болдым» деді. Қолжазбасын алып барсам, Ақселеудің көзі алақандай болып: «Жазып тастаған ба?» деп сұрады. Иә, жүз беттен асатын тұтас трактат жазып тастапты. Бұл – Әбіштің сарқылмас білімінің айғағы еді» деп еске алды қаламгер.

Шынында да сол еңбегінде Әбіш Кекілбаев Толстойды ерекше биік деңгейде бағалаған. Олай деуімізге оның «Құдірет» атты мақаласындағы мына сөздері дәлел.

«Толстой қадамы қызметке кіріскелі бергі ғасырдан астам уақыт ішінде жұмыр жердің қай пұшпағында қай күні, қай кісі істеп жатқан ізгілік атаулының бәріне де Толстой сөзінің, Толстой өнегесінің қатысы бар. Адамның адам, адамзаттың адамзат атануына Лев Толстойдай үлес қосқан кісі кемде кем.

Шын құдірет! Ақылға сыймастай құдірет! Толстой шығармаларын оқи отырып, осынша кереметтің өзіңіз сияқты жұмырбасты жан иесінің қолынан қалай келгеніне таң қаласыз. Өзіңіздің де сондай керемет қолынан келе алатын адам деп аталатын айрықша нәсілден өніп-өрбігеніңізге мақтанасыз. Кемел ақыл иесі шақырып отырған қиянатсыз қоғам, кесапатсыз өмір, ізгілікті адамзаттың қиялы емес, шындық екеніне кәміл иланасыз. Толстойды оқығанда адам адамнан басқа ештеңеге де таңқалмайды, адамнан басқа ештеңеге де сенбейді.

Ұлы жазушының ұлағатты творчествосымен дидарласқан кісі бастан кешпей қоймайтын, ауызбен айтып жеткізе алмайтын, осы бір сиқырлы халді мынау жұмыр жердің үстіндегі тіршілік орнында тұрса, өлі де талай-талай миллиардтаған жандар өз бастарынан өткерері хақ» дейді аталған еңбекте қазақтың классик жазушысы.

ШЕШЕНДІГІ БІР ТӨБЕ

Ұлы Әбіш әлемін әңгімелеп отырған Сауытбек Абдрахманов сөз арасында оның шешендік өнері мен халық алдындағы беделін де айтып өтті.

«1991 жылы Әбіш Баянауылдың атынан сайлауға түскен. Халықпен кездесуде бір ақсақал: Шырағым, мына сөздің бәріне ұйып отырмыз. Тіпті айтар сөзіміз жоқ. Бірақ, енді сен де бізді түсінсеңші, біз де елміз ғой. Баянауыл деген атымыз бар. Біздің де осы бәйгеге баптап отырған тұлпарларымыз бар еді. Олар ертең ана жақта отырып сөзімізді сөйлейді деп отыр едік. Енді не айтарымызды білмей қалдық. Өзіңнің де елің бар емес пе? Өзіңнің еліңнен неге түспедің деді. Сонда бәріміз «ойпырмай, бұған не айтуға болады» деп отырып қалдық. Сонда Әбекең еш саспастан: «Ағасы, қазақта сөз бар ғой, «тұлпарлығыңды сынағың келсе, арғымақ баптаған жерге бар, құлын кезіңде көрген жоқпыз деп қайтара қоймас бағыңды. Жігіттігіңді сынағың келсе, азамат өсірген елге бар, әкеңмен табақтас болмадық деп сындыра қоймас сағыңды» деген. Мен бағымды арғымақ баптаған жерден, азамат өсірген елден сынайын деп келіп отырмын. Қалғанын өздерің шешіңіздер, – деді. Содан жаңағы ақсақал: «Ау, ағайын, мынау текті адам ғой. Мынау текті сөз ғой. Болды. Әңгімені қояйық. Бәріміз осы жігітке дауыс берейік» деді. Міне, осылайша ол шешендігінің арқасында елдің алқауына бөленіп еді» деп еске алды С.Абдрахманов.

Сондай-ақ кездесу барысында ол Әбіш Кекілбаевтың рухани болмысын айшықтап, әдебиет, өнер, философия, тіл, тәуелсіздік, адамгершілік пен мәдени құндылықтар туралы кең ауқымда ой қозғап, даналыққа толы афоризмдері арқылы ұлттық сананы, тіл мен мәдениеттің қадірін терең танытқаны турасында да кең көсіліп әңгімеледі. Сонымен қатар қаламдас інісі Сауытбек Абдрахманов Әбіштің тек жазушы немесе қоғам қайраткері ретінде ғана емес, мәдениет философиясын қалыптастырған ойшыл ретінде танытты.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

30.10.2025 №510-4007

Реквизициялау тәртібінде жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 91-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 736 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 1225 қаулысымен бекітілген Астана қаласының апатты және тұрғын үйлерін жаңғырту бағдарламалары, Астана қаласы әкімінің 2025 жылғы 24 маусымдағы № 182-10 «Жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы» шешімімен, соңдай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 1,2-қосымшаларға сәйкес 2025 жылғы 10 қарашадан бастап 2026 жылғы 10 қарашаға дейін мүлікті, оның ішінде жалпы ауданы 0,2041 га жер учаскелерін реквизициялау тәртібінде мәжбүрлеп иеліктен шығару жүргізілсін.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма), осы қаулы жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей, тұрғын және тұрғын емес орын-жайлардың меншік иелеріне жер учаскелері мен жылжымайтын мүліктің алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте тұрғын және тұрғын емес орын-жайлардың меншік иелерін көшіруді жүргізсін.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «30»10
№ 510-4007 қаулысына
1-қосымша

Реквизициялау тәртібінде мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелері

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі	Жер учаскесінің ауданы (ш.м)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-318-027-349	Кенесары көшесі, №57/1 мекенжайындағы тұрғын үйдің кондоминиумына жататын тұрғын және тұрғын емес бөлмелердің иелері	1082	1082	Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Кенесары көшесі, №57/1 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жалпы үлестік меншік

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «30»10
№ 510-4007 қаулысына
2-қосымша

Реквизициялау тәртібінде мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жылжымайтын мүлік объектісі

р/с №	Жылжымайтын мүлік объектісінің меншік иелері	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (кв.м)	Жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері
1	2	3	4
1.	Кенесары көшесі, №57/1 мекенжайындағы тұрғын үйдің кондоминиумына жататын тұрғын және тұрғын емес бөлмелердің иелері	1082	Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Кенесары көшесі, №57/1 үй
2.	Шонанұлы көшесі, №34 мекенжайындағы тұрғын үйдің кондоминиумына жататын тұрғын және тұрғын емес бөлмелердің иелері	959	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Шонанұлы көшесі, №34 үй

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

30.10.2025 №510-4008

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «КСС» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Нұра» ауданы, КРК-2 және Е101 (жобалық атаулары) көшелерінің қиылысы ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,0225 га, жер учаскелері 2025 жылғы 31 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «30» 10
№ 510-4009 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-320-135-6271	«SA-Green» ЖШС	55373	32026	Астана қ., Есіл ауданы, Әл-Фараби даңғылы, участке 46Н	Көппәтерлі тұрғын үйлерді коммерциялық бөлмелермен және автотұрақтармен, ойын-сауық орталығымен, балабақ-шалармен, мектеппен, дүкенмен, саябақ аймағымен салу	19.05.2052 жылға дейін уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығы
2.	21-320-135-4781	«SA-Green» ЖШС	297464	289329	Астана қ., Есіл ауданы, Әл-Фараби даңғылы, участке 46/2	Көппәтерлі тұрғын үйлерді коммерциялық кеңселермен және автотұрақтармен, ойын-сауық орталығымен, балабақшалармен, мектеппен, дүкенмен және саябақ аймағымен салу	19.05.2052 жылға дейін уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығы
3.	21-320-135-4782	«SA-Green» ЖШС	120622	101847	Астана қ., Есіл ауданы, Әл-Фараби даңғылы, участке 46/3	Көппәтерлі тұрғын үйлерді коммерциялық бөлмелермен және автотұрақтармен, ойын-сауық орталығымен, балабақшалармен, мектеппен, дүкенмен және саябақ аймағымен салу	19.05.2052 жылға дейін уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығы

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

30.10.2025 №510-4013

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексі 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – құрылыс салушы) мүддесінде қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес жаяу жүргінші көпірін күрделі жөндеу және пайдалану үшін Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Д. Қонаев көшесі, Тұран және Қабанбай батыр даңғылдарының арасы мекенжайында орналасқан ауданы 2,3241 га, жер учаскелеріне 3 (үш) жыл мерзімге шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) белгіленсін.

2. Құрылыс салушы осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей, меншік иелері мен жер пайдаланушыларға көрсетілген жер учаскелеріне шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу және көрсетілген жер учаскелерінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау мерзімдері туралы жазбаша хабарлама жолдасын.

3. Құрылыс салушы жер учаскесін пайдаланғаны үшін (қауымдық сервитут) он жұмыс күні ішінде «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесімен 2,2469 га мемлекет меншігіндегі жерлерге жер учаскелеріне қауымдық сервитут шартын жасасын.

4. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «30» 10
№510-4013 қаулысына
қосымша

Шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) орнатылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі / жер пайдаланушы	Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	5	6	7	8
1.	21-335-068-1667	«Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ	58	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Қабанбай Батыр даңғылы, №17Р участке	Абаттандыруы бар автокөлік тұрағы үшін учаскені орналастыру	Уақытша өтеусіз ұзақ мерзімді жер пайдалану (22.09.2028 жылға дейінгі мерзімге (қала құрылысын игеру бастал-ғанға дейін)
2.	21-335-068-466	Титкова Вера Андреевна	25	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, «Дорожник-2» гараждық кооперативі, №29 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
3.	21-335-068-439	Мещерякова Зинаида Васильевна	24	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, «Дорожник-2» гараждық кооперативі, №2 участке	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
4.	21-335-068-484	Когут Петр Дмитриевич	26	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, «Дорожник-2» гараждық кооперативі, №47 участке	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
5.	21-335-068-1107	«Восточный Медиа Экспресс» ЖШС	6	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Тәуелсіздік көшесі	Билборд	Уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (28.11.2014 жылға дейінгі мерзімге)
6.	21-320-068-474	Давыдачев Андрей Анатольевич	26	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, «Дорожник-2» гараждық кооперативі, №37 участке	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
7.	21-335-068-1105	«Восточный Медиа Экспресс» ЖШС	6	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Тәуелсіздік көшесі	Билборд	Уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (28.11.2014 жылға дейінгі мерзімге)
8.	21-335-068-1358	«Астана қаласының Құрылыс басқармасы» ММ	450	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, №1 ғимарат	Классикалық опера және балет театрын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
9.	21-335-068-1097	«GoldStar Adv» ЖШС	6	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Тәуелсіздік көшесі	Билборд	Уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (31.10.2009 жылға дейінгі мерзімге)
10.	21-335-068-1101	«GoldStar Adv» ЖШС	7	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Тәуелсіздік көшесі	Билборд	Уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (31.10.2009 жылға дейінгі мерзімге)
11.	21-335-068-1672	«Астана қаласының Көлік және жол - көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ	138	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы және Д. Қонаева көшесінің қиылысы ауданы	Абаттандыруы бар автокөлік тұрағы үшін учаскені орналастыру	Уақытша өтеусіз қысқа мерзімді жер пайдалану (22.09.2021 жылға дейінгі мерзімге (қала құрылысын игеру басталғанға дейін)

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

30.10.2025 №510-4009

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Әкімшілік ғимарат» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Ұлы Дала даңғылы және ТМ-65, Е507 (жобалық атаулары) көшелерінің қиылысы ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 53,0490 га, жер учаскелері 2025 жылғы 10 қарашадан бастап 2026 жылғы 10 қарашаға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «30» 10
№510-4008 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-335-127-2624	Суюндикова Адина Ержанқызы, Суюндиков Абылайхан Галимжанович	41254	225	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Е 444 көшесі, 4 участке	Әлеуметтік-тұрмыстық және спорттық-сауық-тыру мақсатындағы нысандарды салу және пайдалану	Жеке меншік

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

30.10.2025 №510-4009

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Әкімшілік ғимарат» объектісінің іздестіру

№130 (4874) 04/11/2025 Сейсенбі



«НАЗ» ТЕАТРЫНЫҢ «НҰРҒИСАСЫ»

«Наз» мемлекеттік би театры аса көрнекті күйші-композитор, дарынды дирижер, Қаз КСР және КСРО Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Халық Қаһарманы Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған «Нұрғиса» хореографиялық спектаклін қайта ұсынды. Жаңғырған туындыны Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен тамашалады.

Театр ұжымы ұлт рухын асқақтатқан дара тұлғаға тағзым ретінде оның өмірі мен шығармашылығын би тілімен бейнеледі. 2011 жылы қойылған портреттік қойылым – қазақ музыка өнерінің алып тұлғасына арналған хореографиялық ескерткіш, театр репертуарындағы інжу-маржан қойылымдардың бірі. Қазақ музыкасын биік деңгейге көтерген көрнекті тұлға Нұрғиса Тілендиевтің өмірі мен оның ұлттық өнерге қосқан өлшеусіз үлесін дәріптеу мақсатында қойылған спектакльде композитордың 30-дан аса шығармасы орындалып, «Кел, еркем, Алатауыма», «Көш-керуен», «Алатау», «Куә бол», «Ата толғауы» сияқты халық сүйіп тыңдайтын туындылары хореография тілінде сөйледі.

«Дүниеге келуі», «Балалық шағы», «Жастық шағы», «Шыңдалу», «Алып тұлға» атты бес бөлімнен тұратын спектакльде композитордың өмір жолы мен өнердегі өрнегі көрермен көз алдында би лентасы іспетті өрілді. Қойылымға «Тұлпар» және «Айша бибі» балалар би ансамбльдері де қатысты (жетекшісі – Сымбат Қойсоймасов).

«Нұрғиса Тілендиевке арналған бұл қойылым – біздің театр репертуарындағы айрықша туынды. Ол – қазақ музыкасына өлшеусіз үлес қосқан тұлғаның өмірін би тілімен бейнелеген хореографиялық ескерткіш.

Спектакль жастарды ұлттың рухын сезінуге, халық музыкасын құрметтеуге тәрбиелеуге бағытталған» дейді театр директоры, ҚР Мәдениет қайраткері, спектакльдің қоюшы режиссер-хореографы Еркебұлан Ағымбаев.

Либретто идея авторы – Нәсіпті Байымбетова. Өндеуші – Мұхаметқали Тіналин. Музыкалық редакторы – Нұрфат Вахитов. Балетмейстерлері – Қ.Ағымбаева, М.Айтмағамбетова Д.Сүлейменова Н.Леонтьева. Костюм дизайнері – Қ.Кагенова. Хормейстер – Ж.Жұлқаш. Бейне көріністермен әрлеуші – Қ.Мұртазина. Сценограф – Ж.Қалтаев. Ғылыми кеңесші – Қ.Сайжанов.

ҮШ ДАРЫННЫҢ ӘНДЕРІ ӘУЕЛЕДІ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның эстрадалық вокал бөлімі Ержан Серікбаев, Табылды Досымов, Арман Дүйсенов сынды әнші-композиторлардың шығармашылығына арналған еске алу кешін өткізді.

«Есіңде ме...» атауын алған кеште өмірден ерте өткен осы үш дарынның жүректерді тербейтін әндері әуеледі. Биыл – Табылды Досымовтың туғанына 60 жыл болса, өмірден өткеніне 15 жыл. Соған орай ел бойынша әртүрлі іс-шаралар өтіп жатыр. Мәселен, Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрында табысты сахналанған «Сәйгүлік» музыкалық драмасы таяуда Steppe awards-2025 премиясында топ жарып, «Үздік спектакль» аталымын жеңіп алды. Табылды есімі қазақ өнері тарихына тұңғыш бард ақын ретінде де жазылды. Ол өз өлеңдерімен қатар Мұқағали Мақатаев, Фариза Оңғарсынова, Сағат Әбдуғалиев, Шәкизада Әбдікәрімов, Есенғали Раушанов, Серік Ақсұңқарұлы, Светқали Нұржан, Жанат Әскербекқызы, Әбубәкір Смайылов, т.б. белгілі ақындардың жырларына ән жазды. Табылдының талай туындысы елдің аузында. Кеште олардың бірнешеуін филармония солистері жаңғыртты.



Ержан Серікбаев пен Арман Дүйсенов... Бірі елуден енді асқанда, екіншісі осы жасқа да жетпей өмірден озды. Бірақ әндері шырқалып жүр. Ержанның шығармаларын өзімен қатар Лаки Кесоглу, Жеңіс Ысқақова, Жұбаныш Жексенұлы, Сәкен Қалымов, Шәкизада Байпатшанова, «Нұр-Мұқасан» дуэті, Мәдина Сәдуақасова, «Жігіттер» квартеті, Қайрат Нұртас, Ақылбек Жеменей, басқа да белгілі әншілер шырқады. Бұл қатарда «Сен үшін», «Үнсіз жүрек», «Інжу моншақ», «Мейлі» сияқты лирикалық туындылармен қатар «Жаса, Қазақстан», «Алға, қазақ жігіттері» секілді патриоттық әндер бар.

Арман Дүйсеновтің де туындыларын танымал әншілер салды. Мысалы, «Тойға тілекті» Қарақат Әбілдина, «Ағажанды» Алтынай Жорабаева, «Шаттығым сенсіңді» Ұлықпан Жолдасов танытты. Композитордың қоржынында осындай танымал әндер баршылық еді. Осы кеште солар жаңғырды.

Бұл әндерді Қазақстанның халық әртісі Майра Ілиясова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Светлана Айтбаева, Естай Мұқашев, Гүлнұр Оразымбетова, жас әншілер Фарида Жолдасова, Алтыншаш Мұқатаева, Мұратбек Хайролда, Ақбота Құснадин, Диана Май, Айдын Жұмабай, Әкімхан Мәженов, Құралай Мейрамбек, Қымбат Жамбылбек, Парасат Отан әуелетті.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ІНЖУ – ҚОЛА ДОМБЫРА ИЕГЕРІ

Елордамызда өткен «Қола домбыра» республикалық оқушылар арасындағы айтыс мәресіне жетті. Дүбірлі дода екі күнге созылды. Айтыс тарихында ардақты Алтын домбыраның өзі 3 айналымнан аяқталса, қола домбыра 4 айналымға ұласып, жаңа тарих жаңа есімдермен жазылды.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ



Қола домбыра Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, «El Umiti» қоры» корпоративтік қоры және «Айтыс ақындары мен жыршы – термешілердің халықаралық одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен екінші жыл қатарынан өтті. Жас ақындар «Жасанды интеллект дәуіріндегі жасампаз жастар», «Еңбек адамы – елдің тірегі», «Цифрландыру мен білім: жаңа дәуірдің талабы» тақырыптарында сөз сайыстырды.

Бірінші айналымда еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған 22 айтыскер ақын өнерін көрсетсе, финалға 8 ақын көштен суырылып шығып, 4 жұп құралды. Атап айтқанда, Қызылорда облысынан келген Еламан Кенжеш пен астаналық Айғаным Махсұтханова айтысты. Кезекті Алматы облысының ақыны Ақнұр Зайнулла мен Ақтөбе облысының ақиығы Белес Өтепберген жалғады. Үшінші жұпта Мейіржан Баршынбай Павлодар облысының намысын қорғаса, Жамбыл облысының жүйрігі Інжу Жаңабай өнер көрсетті. Төртінші жұпта Шымкент қаласының ақыны Айша Бақтияр мен Қостанай облысынан келген Нұрислам Рагат болды.

1 – жұпта Еламан Айғаным-ның қылығына сүйсініп гүл сыйласа, Айғаным сыр еліне ерекше жыр сыйлады. Белес «Абыроймен айтыссақ ел алдында, Сол емес пе еңбектің ақталғаны» деп айтыстың қасиетін дәріптесе, Айғаным Ақтөбе облысынан келген ақынның анасын ардақтап, оны алтын адамға теңеді. Үшінші жұптағы Інжу «Әкеге ергендерден емес қазір, Әкеден безгендерден қорқу керек» деп қоғамдық мәселені қаузады. Қарсыласы Мейіржан «Қыздары былай тұрсын қазағымның, қызғалдағын жұлса да қызғанамын» деумен ұлттың абыройын асқақтатар өрендердің өсіп келе жатқанын аңғартты.

Жарыс мұнымен тоқтаған жоқ. Сегіз жұпты егіздеген қазылар алқасы 4 ақынды ақтық сынға шығарды. Суперфиналға Ақнұр Зайнулла, Мейіржан Баршынбай, Інжу Жаңабай және Нұрислам Рагат жолдама алды. Қазылар алқасы көрерменді күтпеген шешіммен таңқалдырды. Айтыста қыз бен жігітті қарсылас қылмай, Ақнұр мен Інжуді, Мейіржан мен Нұрисламды жұптастыруды жөн санады. «Ақтық сынға 4 ақын шықты. 2 қыз және 2 ұл. Кешегі күннен бүгінге дейін финалға шыққан айтыскерлердің бәрі қыз-жігіт болып айтысты. Біздің басты мақсатымыз – ертеңгі айтыстың абадандары мен аққуларын тәрбиелеу. 1998 жылы финалға Құралай Әлкенбаева мен Айнұр Тұрсынбаева шығып қалып, тосын жайға куә болғанбыз. Өйткені мұндай оқиға тарихта болмаған. Бүгінгі ұстаханадан шыққан ақындар осындай жағдайда тосылып қалмасын деп қыз бен қызды, жігіттерді бір-бірімен айтыстыруды дұрыс санадық» дейді қазылар алқасының төрағасы Парламент Мәжілісінің депутаты Ринат Зайытов.

Суперфиналда Алматы облысының Ақнұры мен Жамбыл облысының Інжуі сахнаға бірінші шығып, қазақ аруларының даналығын танытып, «бір ананың қос бұрымындай» болып көрерменді тәнті етсе, Қостанай облысының ақыны Нұрислам мен Павлодар облысының Мейіржаны айтыстың адуынды жастарының жетіліп келе жатқанын дәлелдеді. Інжу мен Нұрислам қарсыластарынан бір бас жоғары болып, дода төртінші айналымға ұласты. Інжу мен Нұрисламның айтысы тартысты өтті. Бірінің сөзі бірінен асып, айтыс сүйер қауым демін ішіне тартып отырды. Қола домбыра республикалық айтысының жалпы нәтижесі бойынша үшінші орынды Ақтөбе облысының ақыны Белес Өтепберген, Шымкенттік ақын Айша Бақтияр мен астаналық Айғаным Махсұтханова иеленсе, екінші орынды Павлодар облысынан келген Мейіржан Баршынбай және Алматы облысының айтыскер ақын қызы Ақнұр Зейнулла жеңіп алды. Тұғырдың бірінші орнынан Қостанай облысының ақиығы Нұрислам Рагат көрінді. Республикалық оқушылар айтысының бас жүлдесін Жамбыл облысының ақыны Інжу Жаңабайқызы жеңіп, қола домбыраны қанжығасына байлады. Республикалық оқушылар айтысында кіл мықтыдан – шын мықты анықталды. Айтысты тізгіндеген 2024 жылғы «Алтын домбыраның» жеңімпазы Мейірбек Сұлтанхан «Төл өнеріміз тұғырдан түспесін» деп дүбірлі доданы қорытындылады.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №130

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС